

КІТАП КҮНІН АТАП ӨТТІ

Өткен жұмада С.Торайғыров атындағы облыстық кітапханада Дүниежүзілік кітап күніне арналған мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекеге орай “Кітап әлемі”, “Қазақстанның ең жақсы кітаптары” көрмесі, “Адам және кітап” фотокөрмесі ұйымдастырылып, жерлес ақындарымыздың жыр жолдары оқылды. Атап өтерлігі, мерекелік шараны ұйымдастыруға республикалық “Асар” партиясының Павлодар облыстық филиалы мен “Қниготорг” фирмасы, сондай-ақ Ак.Сәтбаев кітап үйі ұйытқы болды. Мереке күні аталмыш кітапхананың белсенді оқырмандары түрлі номинациялар бойынша марапаттауға ие болды. В.Бондарев “Оқырман-Ұлы Отан соғысының ардагері” номинациясы бойынша, А.Иванченко мен ағайынды

Анатолий мен Сергей Гунькиндер “Ең адал оқырман, З.Давыдова, Ғ.Наурызбаева, Е.Алдабергенов “Ең белсенді оқырман”, ал Қ.Жакибекова, Л.Горбачева, Т.Ақтамберов “Ең жас оқырман” номинациясы бойынша, Асылбековтер және Шмыгундер отбасы “Ең көп оқитын отбасы” номинациясы бойынша марапатталды. Сондай-ақ республикалық “Асар” партиясының Павлодар облыстық филиалының өкілі облыстық кітапхана оқырмандарына бірқатар кітаптарды сыйға тартты. Жас оқырмандар арасында “Көңілді қарындаш” атты жылдам сурет салудан сайыс ұйымдастырылды. Шет елдер әдебиеті бөлімінде британ жазушыларының шығармалары бойынша марафон өткізіліп, №8 лицей оқушысы Ә.Мұқатова жеңімпаз атанды.

Г.БАХРИДЕНҚЫЗЫ.